

Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті



РЖЕБН

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

№ 7 (955) 29 тамыз 2019 жыл

Құрметті әріптестер, ардагер ұстаздар және студенттер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесімен құттықтаймын! Ата Заңды ардақтау – келешекке керуен тартқан мемлекетіміздегі әрбір азаматтың асыл парызы.

Әрбір азамат өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнегеге айналды. Мұның өзі біздің Ата Заңымызда бүкіладамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің қамтылғанын айғақтайды. Қазақ елінің жасампаздығы мен жарқын істерін танытуда ұстаздардың қашанда үлесі зор.

Еңбектеріңізге тың серпіліс пен жаңашыл ізденістер, жарқын жетістіктер тілеймін. Әр шаңырақта құт-береке, ырыс пен ынтымақ болып, ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын! Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметпен, ректор Н.Х. Серғалиев



Қазақстандық жоғары мектеп дамуының халықаралық білім беру кеңістігіне кірігудегі аса маңызды бағыттарының бірі – Қосдипломды білім беру. Осыған орай 27 тамыз күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да интернационалдандыру орталығының ұйымдастыруымен «Қосдипломды білім беру: Н.Г.Чернышевский атындағы СМУ мен М.Өтемісов атындағы БҚМУ арасындағы ынтымақтастық жағдайы мен даму перспективалары» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өтті.

Қос дипломды қолға алады



Дөңгелек үстел барысында бастауын 2018 жылы алған жобаның жүру қарқыны мен, өткен жылдың мамыр айының аяғында отырған келісімшарт негізінде, осы оқу жылынан бастап тәжірибе жүзінде іске асқалы отырған жоба туралы екіжақты пікірлер айтылды.

Шетелдік жоғары оқу орындармен екі жақты Меморандумның негізінде МЖМБС (мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты) және шетелдік серіктестердің мамандықтарын М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің оқу пәндерімен жеке оқу жоспары әзірленді.

Басты мақсат – екі дипломдық білім беру бағдарламасын жүзеге асыру, оқу сапасын жоғары деңгейге көтеру, тәжірибе алмасу, ғылыми-зерттеу жұмыстарының өңірдегі дамуы және ұзақ мерзімді бағдарлануын қамтамасыз ету. Меморандум шеңберіндегі келісімдерге сәйкес, бәсекелестікке сай мамандар дайындау, бірлескен зерттеу жобаларын әзірлеу, академиялық мобильділік және басқа да бағдарламаларды бірлесіп жүзеге асыру қарастырылған.

Ақ Жайық. Махамбет пен Исатай бабам ерліктерін мұра қылған, күй анасы Дина күйін, күй атасы Құрманғазы домбырасын аманат етіп өткен, сезім символы - Қыз Жібек пен Төлеген махаббаттың наз үлгісін көрсеткен, сөз шебері Сырым шешеннен шешілмеген дау қалмаған, күміс көмей Ғарифолла мен сал Мұхиттар бүкіл даланы әнге бөлеген, орыстың ұлы ақыны Пушкинге шабыт әкелген, татар әдебиетінің классигі Ғабдолла Тоқайдың қаламына күш берген, Хамза Есенжановтың тарих тұнған «Ақ Жайығын», Қадыр ақынның мәңгілік «Атамекенін», Жұбанның рухыңды биік етер «Мен Қазақпын!» туындысын тудырған «кіндігі» киелі, «қойнауы» қасиетті тарихи мекен.

«Жастар керуенімен»

Жолға шықтық...

Бұл мені өмірге әкелген торабы мол топырақтың ғана ғасырлар тоғысындағы тарихы. Ұлыларды тудыртқан ұлы дала Қазақ топырағының ғасырлар қатпарындағы әрбір мекені - қасиет пен өшпес бедер бейнеленген, құрметтеу мен келер ұрпаққа табыс етуге тұрарлық тағылымы тарихқа тұнған қастерлі аманат. Айлар адымдап, жылдар жылжыр, ғасырды ғасыр жалғар. Ештеңе мәңгілік емесі хақ. Біздің, осы күннің егелерінің алдында келер күнгі

ұрпаққа «қасиеті қорған болған аманатты» табыс ету міндеті тұр. Аманат - жүріп өткен жолымыздың тарихы, туған топырағымыз бен туған тіліміз, ұлтымыздың руханияты мен дәстүрі, құндылығы.

(Жалғасы 6-бетте)



25-26 шілде күндері Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ-да ҚР Энергетика министрлігінің, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, РФ Орынбор облысының қолдауымен және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Жайық өзені бассейнінің экологиясын сақтаудың бірлескен институционалдық және экономикалық механизмі бойынша ұсыныстар дайындау және халықаралық тәжірибелерді зерттеу мәселелері» тақырыбында семинар өтті.

Батыс Қазақстан, Атырау және Ресей елінің көршілес Орынбор облыстарында бірдей аталып өтетін «Жайық күні» қарсаңында ұйымдастырылған халықаралық семинарға бүгін ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің жауапты хатшысы Нұрлыбай Сәбит, ЕҚЫҰ-ның Нұр-Сұлтан қаласындағы бағдарламалар кеңсесінің

бұрынғы қалпына келтіру – екі ел үшін де ортақ мәселе.

Халықаралық сарапшылар Сергей Виноградов, Болат Есекин, РФА академигі, ғалым Александр Чибилев, РФ-ның ұлттық сарапшысы Жанна Савохип, Қазақстан тарапынан ұлттық сарапшы Мейрам Арыстанов ғылыми баяндамаларында Жайық өзенінде

жауапты хатшысы Нұрлыбай Сәбит, облыс әкімі Ғали Есқалиев, Орынбороблысы вице губернаторының міндетін атқарушы Павел Самсонов, Атырау облысы әкімінің орынбасары Әлібек Наутиев; РФ Мемлекеттік Думасының депутаты Юрий Мищеряков, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Ғұмар Дюсембаев пен Сәрсенбай Еңсегеновтер Жайық өзені бассейнінің экожағдайын жақсарту, өзенге ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесін беру, түбегейлі ғылыми зерттеулер жүргізу, ортақ инвестициялық қор құру сияқты маңызды мәселелерге қатысты нақты ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Жайықтың жәйін айтар жиын өтті



басшысы, елші Дьердь Сабо, облыс әкімі Ғали Есқалиев, Орынбор облысы вице губернаторының міндетін атқарушы Павел Самсонов, Атырау облысы әкімінің орынбасары Әлібек Наутиев, РФ Мемлекеттік Думасының депутаты Юрий Мищеряков, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Ғұмар Дюсембаев, Ерболат Мұқаев, Сәрсенбай Еңсегенов, «Біздің Жайық – Наш Урал» экологиялық-туристік қозғалысы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Елена Тарасенко, қос елдің ғалымдары, халықаралық және отандық сарапшылар қатысты.

«Жайық өзені Батыс Қазақстан облысы мен Ресей Федерациясының көршілес аймақтарының өлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады. Оның екі ел үшін де маңызды тарихи, эстетикалық және мәдени маңызы зор. Сонымен бірге, қолда бар мәліметтерге сәйкес, Жайық өзені бассейнінің экожүйесінің нашарлауы, оның ішінде су сапасының нашарлауы, жайылымдық ормандардың азаюы, биологиялық ресурстардың, әсіресе бағалы бекіре тұқымдас балықтардың азаю тенденциясы байқалады. Бассейннің жағдайы үлкен алаңдаушылық тудырады. Биыл Жайық өзенінің толу деңгейі 17 млн текше метрді құрады. Бұл өте төмен деңгей, өз кезегінде флора мен фаунаға кері әсерін тигізуі мүмкін. Соның аясында жаңа шешімдерді іздеу, баламалы су көздерін пайдалану жұмыстары жүргізілуде. Біз ауыз судың жер асты көздерін пайдалануды жоспарлап отырмыз, қазіргі уақытта тиісті министрлікпен жұмыстар жүргізілуде. Жайықтың жағдайы бұған дейін әр түрлі деңгейлерде, соның ішінде Қазақстан мен Ресейдің мемлекет басшылары, үкімет және парламент мүшелері деңгейінде бірнеше рет қаралды. 2016 жылы Қазақстан мен Ресейдің XIII Өңіраралық ынтымақтастық форумының (Нұр-Сұлтан) қорытындылары бойынша Жайық өзенінің экожүйесін сақтау туралы келісімге қол қойылды. Бұл құжат көп жылғы тығыз байланыстың жемісі болып табылады. Осы келісім аясында біздің елдеріміздің арасында тұрақты комиссия жұмыс істейді. Бірлескен комиссиялардың ұйымдық құрылымдарының алуан түрлілігіне қарамастан, шешім қабылдау органдарымен қатар, комиссияда қабылданған шешімдердің бірізділікпен орындалуын қамтамасыз ететін атқарушы және жұмысшы органдарды құру да маңызды. Біз бауырлас елдерімізді біріктіретін өзеннің суын сақтап қалуға бағытталған мақсаттарға бірлесіп қол жеткізе аламыз, сонымен қатар барлық салалардағы үкіметаралық ынтымақтастықты тереңдетіп, тату көршілік қатынастардың жаңа деңгейіне шығамыз деп сенемін,- деген облыс басшысы Ғали Есқалиев тұрақты бірлескен орган – Жайық өзенінің мемлекетаралық қорын немесе Жайық өзені бассейнінің форумын құру және бірлескен кешенді бағалау жүргізу туралы мәселені пысықтауды, ғылыми негізделген жан-жақты зерттеулер жүргізуді ұсынды.

Жиында айтылғандай, соңғы кезде Жайық өзенінде су тапшылығы айқын сезілуде. Оған қоса өзен ластану үстінде. Соның ішінде ауыр металл мен хромның қалыптан артық жинақталуы байқалуда. Сондықтан Жайық өзенін

қалыптасқан ахуалды егжей-тегжейлі баяндап берсе, мәселеге кешенді түрде келуді ұсынған ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің

Жиын соңында «Ресей экологиялық қоғамы» АҚБ мен «Біздің Жайық – Наш Урал» экологиялық-туристік қозғалысы» ҚБ арасында келісімге қол қойылды.

Заңға сәйкес, мемлекет халықты жұмыспен қамту саласында азаматтарды жұмыссыздықтан қорғауға, уәкілетті органдардың делдалдығымен жұмыс таңдап, орналасуға жәрдемдесуге кепілдік бере алады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мұндай түрлері жергілікті деңгейде көрсетіледі және мамандарды кәсіби даярлау, қайта даярлау, біліктілікті жоғарылату, қоғамдық жұмыстарда істейтін жұмыссыздарға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және еңбекақы төлеу міндеттерін де атқарады. Бұл ретте «Жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен нысаналы топқа жататын азаматтар жұмысқа орналастыру барысында басымдыққа ие болады.

ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ – тиімгі бағдарлама

Жоғары оқу орындары түлектерін жұмыспен қамту мәселесін шешу мақсатында жұмыспен қамту органдары мекемелерде Жастар практикасынан өту үшін жолдама береді. Жастар практикасы – түлектерді өлеуметтік қорғаудың қосымша шарасы болып табылады. Жастар практикасының мақсаты - алғашқы жұмыс тәжірибесін жинақтау, кәсіби білімдерін көтеру, еңбек рыногындағы бәсекелестікке төтеп беру қабілетін арттыру және жұмысқа орналасуға көмек көрсету. Жастар практикасына жоғары және орта кәсіптік білім мекемелерінің түлектері жолданады. Ол республикалық бюджеттен қаржыландырылады және ұзақтығы 6 айдан аспауы тиіс (жалақы мөлшері 26 мың теңгені

құрайды). Практика 2012 жылдан бастап Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде іске асырылуда. Осыған орай, жұмысқа орналасуда жәрдем алу үшін әрбір азамат жергілікті жердегі жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жолыға алады. Жұмыспен қамту жол картасы іске асырылған барлық уақытта жастар қатарындағы 388 мыңнан астам адам мемлекеттік қолдау шараларымен қамтылды, бұл Бағдарламаға қатысушылардың 48%-ынан астамын құрайды. Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу бойынша көрсетілген қызметтің түрі ақысыз болып табылады.

Еркеназ ҚАЛИЖАН,
филология факультетінің 3-курс студенті



Тілін тапса тас та сөйлейді

М.Өтемісов атындағы БҚМУ, ғылыми тарих мамандығының 1 курс студенті Сагинова Алия Тарих мамандығының бірнеше студенті 2019 жылдың 1 – 30 маусымы аралығында ҚР Білім және ғылым министрлігі Ә.Марғұлан атындағы археологиялық институтының Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалының директоры, т.ғ.к. Мамиров Талғат Базарбайұлы бастаған «Солтүстік - шығыс Каспий маңының тас дәуірі» халықаралық гранттық жобасы аясында БҚО Тасқала ауданында жүргізілген археологиялық экспедициясы құрамында болдық.

Экспедиция барысында Тасқала ауданындағы Деркул, Вавилино, Ешкітау нысандарындағы энеолит, неолит, палеолит тұрақтарына археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Батыс Қазақстан облысы аумағында сирек кездесетін көне тас дәуіріне жататын көптеген тас құрал-саймандар сақталған. Осыған орай, аталған аймақтан табылған тас пен сүйек құралдардың көптеп табылуы зерттеуші мамандардың қызығушылығын одан әрі арттыра түскендей. Жалпы, бұл аймақтың ертеде Каспий теңізінің ежелгі табаны болғанын аңғарсақ, энеолит, неолит кезеңдерінде адамдар қоныстануға қолайлы орта болғандығын болжау қиын емес. Сонымен қатар, зерттеу нысандарының Деркөл өзені жағасында ірге тепкеніне және табылған құрал – саймандардың әр түрлілігіне қарап бұл жерде ежелгі маусымдық тұрақтар болғанын айта аламыз. Батыс Қазақстан облысында палеолиттік тірек ескерткіші ретінде Ешкітау қоныс - шеберханасын айтуға болады. Бұл жерде шикізат көзі болғандықтан, жергілікті тайпалардың өмір сүруіне қолайлы болған. Ешкітау қоныс – шеберханасын зерттеу тек Қазақстанның ғана емес, тұтастай алғанда Евразияның ежелгі тарихын зерттеуге кең жол ашады. Аталған ғылыми мекеменің ғалымдарының жетекшілігімен біздерде қазба жұмыстарына ерекше қызығушылықпен ат салыстық. Жұмыс уақыты таңғы салғынмен 6.00 ден басталып, түскі кезде аздаған үзілістен кейін –кешкі сағат 20.00-ге дейін жалғасады. Экспедиция барысындағы археологиялық сараман өте қызықты, әсерлі өтті. Қазба барысында бай мәдени қабаттардан бифас, қырғыш тастар, шақпақтастар, нуклеустар, чоппер және ұсақ тастар, керамика қалдықтары, сүйектен жасалған түрлі құралдар, тас ошақтың орындары сияқты жәдігерлер қазып алынды. Табылған тас құралдар кварцит пен кремниден дайындалған: яғни шақпақтас еңбек құралдарын жасау үшін, ал кварцит садақ пен найзаның ұштарын жасау үшін пайдаланылған. Керамикалық сынықтарға геометриялық, тарақ тістес, жолақ тәріздес үлгідегі өрнектер салынған. Негізгі әрбір бұйым өз кезеңінен сыр шертеді. Тұтынған бұйымдарға, құралдарға қарап ертедегі адамдардың тұрмыс-тіршілігіне анықтама беруге болады. Біздерде сараман барысында археология ғылымының әдістемесін меңгеріп, далалық өркениеттің ғасырдан-ғасырға жеткен мәдениетін зерттеуді үйрендік. Экспедицияның қазба жұмыстары барысында табылған тас, сүйек құралдардың қолданылу нысанын, жасын анықтау үшін Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларындағы зерттеу орталықтарына жіберілді. Аталмыш институттың бас сарапшысы, жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к. Арман Ауғанұлы Бисембаев пен археолог Ерлан Клышев Бірлік ауылы маңындағы ерте темір дәуіріне жататын, шамамен VIII-VI ғасырға тән сармат қорғанына қазба жұмыстарын жүргізді. Қазба барысында қола айна мен тас құрбандық таптық. Табылған жәдігерлер қарапайым тас, сүйек құралдары болып көрінгенімен, ол да бір тарихи кезеңге қатысты жайттың куәгері ғой. «Тілін тапсаң тас та сөйлеп кетеді деген осы екен» деген ойға келдік.

Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Тарих толқынында (Алматы, 1999, 18 б.) еңбегінде: «Әскери технологиядан бастап тұрғын үйді жасақтау тәсіліне дейін, экологиялық ортаны игеруден бастап үй түлігін өсіруге дейін, металлургияның ғажайып технологиясынан бастап әдеби шығармашылықтың ұлы туындыларына дейін – қазақ жері евразиялық ауқымдағы мейлінше кесек мәдени жаңалықтардың мекені...» деп жазады. Шынында да, ескіден жеткен қолжазбалар уақыт өте сарғайып жатады. Көнеде пайда болған мәдениет пен қоныстар уақыт өте жойылып кетеді. Өткен замандағы өлке тарихын шежірелер арқылы біз заттан, заттай деректер арқылы қалпына келтіре аламыз. Осылай өткенімізді қадір тұтамыз. Өйткені онсыз қазіргі күніміздің асқақтығы да болмас еді.

Менің бала кезден бергі арманым археолог болу еді. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Университетінде ғылыми тарих мамандығында оқып жатқаным бала кездегі арманымның орындалып келе жатқаны деп білемін. Халық тарихымен айбынды. Тарихы көнеден жалғасқан ұлт ертеңіне сеніммен қарай алмақ. «Солтүстік – Шығыс Каспий маңының тас дәуірі» гранттық жобасы алдағы жылдары да жалғасын тапқалы отыр. Осы жобаға алдағы уақытта да қатыспақ ойымыз бар. Бұл біздің өлке тарихын зерттеу қосар аз да болса үлесіміз деп білемін. Негізінен, тарих мамандығының 1 курс студенттерінің, 1 курс магистранттарының жазғы археологиялық сараман жұмыстарын еліміздегі іргелі ғылыми орталықтардың бірі Әлкей Марғұлан атындағы археология институтының халықаралық ғылыми экспедициясы құрамында өткізуіне және Талғат Базарбайұлы Мамиров, Арман Ауғанұлы Бисембаев сияқты көрнекті ғалымдармен бірлескен жобаға қатысуға жағдай жасаған университет әкімшілігіне, ғылыми және халықаралық байланыс жөніндегі проректор



Қ.М.Ахмеденовке, ҚР тарихы кафедрасының меңгерушісі А.С.Байбулсиноваға, сараман жетекшісі Д.Ж.Танзеновке зор алғыс білдіреміз.

БИБЛИОТЕКА ЗКГУ им. Утемисова пополнилась 30 новыми учебниками

В рамках программы Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» «Гуманитарное образование. 100 новых учебников на казахском языке» фонд научной библиотеки ЗКГУ им. Утемисова пополнился новыми учебниками на казахском языке, переведенными с английского языка. 30 наименований по 106 экз. - всего 3180 книг.

1. Майкл Райан. Эддебиет теориясы (кіріспе), 2019
2. Джули Риквин, Майкл Райан. Эддебиет теориясы Антология I, 2019
3. Джули Риквин, Майкл Райан. Эддебиет теориясы Антология II, 2019
4. Джули Риквин, Майкл Райан. Эддебиет теориясы Антология III, 2019
5. Джули Риквин, Майкл Райан. Эддебиет теориясы Антология IV, 2019
6. Чарльз У.Л. Хилл, Г.Томас М.Халт. Халықаралық бизнес жаһандық нарықтағы бәсеке, 2019
7. Стивен Пинкер. Тіл - инстинкт, 2019
8. Торе Янсон. Тіл тарихы (кіріспе), 2019
9. Юрий Лотман. Семиосфера, 2019
10. Филип Т. Котлер, Гари Армстронг. Маркетинг негіздері, 2019
11. Джон Э.Гэмбл, т.б. Стратегиялық менеджмент негіздері, 2019
12. Ник Уилтон. Менеджментке кіріспе, 2019
13. Мелисса А.Шиллинг. Технологиялық инновациялардағы стратегиялық менеджмент, 2019
14. Энтони Кенни. Қазіргі заман философиясының бастауы III том, 2019
15. Энтони Кенни. Қазіргі заман философиясы IV, 2019
16. Патрисия Уоллейс. Интернет психологиясы, 2019
17. Стивен П.Роббинс, Тимати А.Джадж. Ұйымдық мінез-құлық негіздері, 2019
18. Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу, 2019
19. Дейл Х.Шунк. Оқыту теориясы (білім беру көкжиегі), 2019
20. Эрнст Гомбрих. Өнер тарихы, 2019
21. Ли Энн Пек, Гай С.Рил. Медиа Этика, 2019
22. Жейсон Бейнбриж, Никола Гок, Лиз Тайнан. Медиа және журналистика, 2019
23. Куртланд Л.Бове, Джон В.Тилл. Қазіргі бизнес - коммуникация, 2019
24. Ларри. А Ди Маттео. Халықаралық бизнес құқығы және заңнамалық орта, 2019
25. Малколм Н.Шо. Халықаралық құқық I, 2019
26. Малколм Н.Шо. Халықаралық құқық II, 2019
27. Росс Е.Данн, Лора Дж.Митчелл. Рапота Дүниежүзі тарихы I том, 2019
28. Росс Е.Данн, Лора Дж.Митчелл. Рапота Дүниежүзі тарихы II том, 2019
29. Роберт Ф.Трагер. Дипломатия, 2019
30. Эдуард Уади Саид. Ориентализм, 2019

ОБЪЯВЛЕНИЯ

I МЕЖДУНАРОДНЫЙ КОНКУРС ВОКАЛИСТОВ имени ЖУМАГАНЫМ РАХИМОВОЙ

ПОЛОЖЕНИЕ

о проведении международного конкурса вокального искусства им. Жумаганым Рахимовой 24-25 октября 2019 г.

ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

В связи с Годом Молодежи и в преддверии 175-летия Великого казахского поэта Абая Кунанбаева будет проводиться Первый международный конкурс вокалистов, а также Международная научно-практическая конференция «Педагогический опыт и инновации в сфере культуры, искусства и образования» им.Ж.Рахимовой, Заслуженной артистки РК, доцента Западно-Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова, внесшей значительный вклад в развитие казахстанской культуры и искусства.

Настоящее положение определяет общий порядок организации, проведения и подведения итогов Конкурса.

Адрес официального сайта Конкурса - www.wksu.kz

УЧАСТНИКИ КОНКУРСА

4.1. В Конкурсе принимают участие студенты средних и высших музыкальных образовательных заведений, солисты творческих коллективов и концертных организаций.

4.2. Конкурс проводится в номинации «Академическое пение».

4.3. Исполнители (одна возрастная категория) в возрасте от 18 до 28 лет.

МЕСТО И СРОКИ ПРОВЕДЕНИЯ КОНКУРСА

5.1. Место проведения Конкурса: 090000, Республика Казахстан, г. Уральск, ул. Н.Назарбаева, 162, ЗКГУ им.М.Утемисова.

5.2. Даты проведения Конкурса, состав оргкомитета и жюри утверждаются распорядительными документами учредителя Конкурса. Конкурс проводится 24-25.10.2019 года.

Условия проведения Конкурса

7.1. Конкурс проводится в соответствии с настоящим Положением и конкурсными требованиями к выступлениям участников.

Участники подают анкету-заявку (Приложение 1) по электронной почте: raximova_konkurs@mail.ru, 87076756232 - Жумаганым Абельхаликовна; 87775821774 - Ольга Александровна; 87774248943 - Куаныш Лабивович.

Официальный сайт Конкурса: www.wksu.kz
Все ноты предоставлены на сайте **VK-группа Ж.Рахимова** <https://vk.com/public184310012>

7.2. Подача анкеты-заявки в Оргкомитет подтверждает согласие с условиями проведения Конкурса. Оргкомитет рассматривает заявки и направляет приглашения участникам Конкурса.

ПОДАЧА ЗАЯВОК НА КОНКУРС

11.1 Заявки на конкурс принимаются до 10.10.2019 года.
11.2 Список документов:
- заявка на участие;
- ксерокопия удостоверения или паспорта;
- краткая творческая биография;
- художественная фотография (разрешение не менее 300 dpi);

- отсканированная копия диплома об окончании музыкального учебного заведения или справка из учебного заведения (для студентов);

- для граждан Республики Казахстан отсканированная квитанция об оплате вступительного взноса (иностранцы граждане оплачивают вступительный взнос при регистрации).

11.3 Подлинник квитанции предъявляется участником при регистрации и будет считаться допуском к участию в конкурсе.

11.4 Заявки, присланные после указанного срока и оформленные неверно, приниматься не будут.

КОординаты организаторов

Оргкомитет I Международного конкурса вокалистов имени Жумаганым Рахимовой. Телефон: 87775821774 - Ольга Александровна;

87774248943 - Куаныш Лабивович.

E-mail: raximova_konkurs@mail.ru

Адрес проведения Конкурса: 090000, Республика Казахстан, г. Уральск, ул. Н. Назарбаева, 162, ЗКГУ им. М.Утемисова

В каждом высшем учебном заведении есть свое «золотое поколение» преподавателей-ветеранов, которые трудятся и обучают уже не одно поколение молодых студентов.

Как высказывался Ян Коменский: «Им вручена превосходная должность, выше которой ничего не может быть под этим солнцем. Вечным законом да будет: учить и учиться всему через примеры, наставления и применение на деле».

Кафедра русской филологии славится не только качественным образованием, но и немалым количеством преподавателей ветеранов, дающих самые ценные знания своим студентам.

Преподаватели-ветераны русской филологии в ЗКГУ

Жигалин Николай Сергеевич – кандидат филологических наук, доцент кафедры русской филологии Западно-Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова, в котором он работает с 1967 года по настоящее время. Окончив аспирантуру, защитив диссертацию по синтаксису при филологическом факультете МГУ им. М.В.Ломоносова в 1973 году, становится одним из ведущих преподавателей-лингвистов в г. Уральске. Он читает лекции и ведет практические занятия по синтаксису современного русского языка, используя не только традиционные подходы, но и современные достижения в теории и практике его преподавания. С интересом слушают его специальный курс «Синтаксис форм слов» - наименее разработанный и системно описанный раздел синтаксиса, используя при этом свои научные изыскания.



Наталья Алексеевна Выдрин – начала свою работу в качестве стажера-исследователя на кафедре русской и зарубежной литературы в 1979 году, имея трехлетний педагогический стаж. Н.А.Выдрин постоянно занимается и воспитательной работой: в качестве куратора выпустила ряд групп, неоднократно участвовала в постановке литературных праздников. Н.А.Выдрин пользуется уважением коллег и учителей-словесников, являлась членом экспертной комиссии ЗКГУ, постоянно работает с учителями во время проведения научных конференций предпрактики, городских и областных олимпиад. В 2004 году выпустила в Уральске учебно-методическое пособие «Особенности изучения литературных и фольклорных произведений в современной школе». Имеет свыше 55 научных работ, опубликованных в Москве, Лондоне, Самаре, Ростове-на-Дону, Алматы, Уральске и в др. городах.

Донскова Галина Анатольевна - кандидат филологических наук, доцент кафедры русской филологии ЗКГУ им. М. Утемисова, выпускница УПИ им. А.С.Пушкина - закончила в 1979 году филологический факультет Уральского педагогического института им. А.С.Пушкина. Работает в вузе с 1981 года. В 1988 году закончила аспирантуру при НИИ ПРЯНШ АПН СССР. Продолжила работу в нашем вузе в качестве преподавателя, с 1989 года – старший преподаватель кафедры русского языка. Г.А.Донскова преподает широкий круг лингвистических дисциплин бакалавриата и магистратуры: фонетику и лексикологию русского языка, введение в языковедение и общее языковедение, стилистику, основы типологического языковедения, основы семиотики, дискурс и теорию текста. Неоднократно отмечалась грамотами и благодарственными письмами ректора ЗКГУ им. М.Утемисова.



Шынар ЕЛЕУГАЛИ,
студентка 4 курса факультета русской филологии

Батыс Қазақстан өңіріне ғана емес, сонымен қатар, күллі қазақ жұрты мен кезіндегі КСРО халқына танымал самбо күресінен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, самбо күресінен КСРО спорт шебері, Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері Жұбаншқали Садырұлы Жәрдемөв есімі М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы үшін қастерлі есім. Бозбала шағында білім іздеп Оралдың А.С.Пушкин атындағы Педагогикалық институтының босағасын аттаған Жұбаншқали Садырұлы өмір жолын осы оқу ордасымен байланыстырады. Шаңырағының түтіні түзу ұшқаны жарының арқасы деп білетін спорт қайраткері, артынан ерген ұрпағының тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Өз баласын ғана емес, өзгені де туғанындай көріп, қанатының астына ала білген білікті ұстаздың мақтан тұтар шәкірттері де бүгінгі күні ел мерейін тасытып жүр. Жұбаншқали ағайдың университетке келгеніне биыл 43 жыл болыпты. Осы уақыт ішінде 30 спорт шеберін, 6 халықаралық дәрежедегі спорт шеберін, 2 еңбек сіңірген спорт шеберін дайындапты. Бұл санатқа мергендері қаншама.

Жұбаншқали Жәрдемөв жинаған музей

Спорт қайраткерінің 45 жылға жуық уақыт бойы айналысатын ерекше хоббиі бар. Бірі білсе, бірі білмейтін осы бір ерен еңбегі жуырда университет басшылығының қолдауына ие болды. Қандай еңбек екен деп таңырқарсыздар?! Жұбаншқали Садырұлы сонау, 1975 жылдан бері балуандарға берілетін медальдар мен төсбелгілерді, түрлі кубоктарды, алғыс хаттарды, сыйлықтарды, тіпті жалаушалар мен фотосуреттерге дейін жинапты. Бүгінгі күні жеке коллекциясында тек өзінің ғана емес, шәкірттері мен үзеңгілес достарының, сонымен қатар тарихи тұлғаның қалыптасуы жолында ұстаздық еткен спортшылардың да еңбектерінің нәтижесі бар. Жалпы саны мыңға жуық құнды дүниені көштен қалдырмай, үйінің төрінен орын берген Жұбаншқали ағай, жылдар өте, жартысын оқу ордасына әкеледі. Мақсаты, болашақта көк туымызды көкке көтерер елдің батыр ұл-қыздарын өткен тарих пен ғабратты ғұмырындағы естеліктермен сусындату. Спорт қайраткерінің айтуынша, мұның бәрі – Республика, КСРО, Азия, Құрылықтық,

Әлем чемпиондарының көзі десек, артық болмас. Биыл университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиевтің тапсырмасымен 7 ғимаратта орналасқан көрме музей, БҚМУ спорт сарайына көшірілді. Көненің көзін қарашығындай сақтап келе жатқан Жұбаншқали Жәрдемөв үшін бұл оқиға – үлкен мәртебе болды. Музейдің жұмысы алға басып келе жатқандығы бірден байқалады. Себебі қонақ жай қазақтың шаңырағы іспетті таңертеңнен кешке дейін келем деушілерге есігі айқара ашық. Кірсең шыққысыз. Бәрі



ЖАСТАР – болашақтың қуаты

«Сен ғылымға болсаң ынтық,
Бұл сөзімді әбден ұқ,
Білгеніңнің жақсысын қыл,
Білмегеніңді біле бер...» - деп, Шәкәрім атамыз бекер айтпаса керек.

Мен, Алиева Алтынай Армановна, 2014-2018 жылдары аралығында Ақжайық өңірінің киелі қара шаңырағының бірі М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде филология факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын тәмамдадым. Біздің факультетті бітіріп жетістіктерге қол жеткізген түлектер баршылық. Соның дәлелі, кішігірім жетістігім ретінде қазіргі таңда «Орал гуманитарлық-техникалық колледжі» мекемесінде жастар ісі менеджері қызметін атқарып келемін. БҚМУ-де шыңдаған білімімді ОГТК белсенді студенттерімен байланыстырудамын. Атап айтсам, колледж жанынан құрылған «Жас Отан жастар қанаты», «Достық», «АСК» атты еріктілер бөлімшелерімен үнемі колледжішілік, қоғамдық жұмыстарды жаңаша идея қосу арқылы шыңдарды бағындырып келеміз. Білім ордасында студент жастарды тек қоғамдық жұмыстарға ғана емес, болашақта тәжірибелі маман болу үшін тас шайнап құм түкірер, тепсе темір үзетін, «өзегі өрт өлеңге толы ақын» жандарды даярлау менің ең бірінші алға қойған жоспарларымның бірі. Өрине, осындай жұмыстардың оңды жүзеге асуы бізге білім нәрін сусындатқан, үнемі «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» сияқты жігер беретін, ынталандыратын сөздерді жадымызға салып отырған БҚМУ-нің филология факультетінің ұстаздарына алғысым шексіз. Республика көлеміне танымал ғалым-әдіскер, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогика Ғылымдары Академиясының академигі, профессор, Орал гуманитарлық-техникалық колледжінің құрылтайшысы, жайдың атқан тасындай білімге жаны құштар тұлға, жаңашыл, шебер басшы Шалқыма Хайроллақызы Құрманалина сұхбатында: «Бүгінгі студент, ертеңгі мұғалім елін, туған жерін сүйсе, тілін, тарихын білсе, рухани-адамгершілік құндылықтар қанына сіңсе, санасына жетсе деген мақсатпен, меңгерген мамандығы бойынша елінің дамуына үлес қосуға ұмтылатындай жастарды оқытып, тәрбиелеудеміз», - деп атап өтті. Біздер, жас мамандар, қолымыздан қазақи дәстүріміздің құндылықтарын игерген шәкірттердің, болашақ жастардың түлеп ұшқанын тағылымы мол ғалымдардың ізімен еріп, үлгі тұту арқылы жетістікке қол жеткізетініме көміл сенемін. Ғылыммен шұғылдану, идея бөлісу, оны жүзеге асыру – білікті жастардың қуаты болмақ.

Жастар – болашақтың қуаты...

орын-орнымен, уақытына қарай топтастырылыпты. Спорт сарайының қызметкерлері әр медальға ерекше ұқыптылықпен, жауапкершілікпен қарайды екен. Тұнған тарихтың бір парасын ашам деушілерге таптырмас орын. Қадірлі орынның студенттердің ғылыми жұмыстары мен жігерін қайрау жолында бір кәделеріне жарары анық. Біз, редакция ұжымы қолдау білдірген университет басшылығына алғыс, музей жұмысына жеміс, спорт қайраткеріне денсаулық тілейміз. Еңбектеріңіз жанын!



Ресей Федерациясының Омск қаласын қазақтар ежелден Омбы атайды. Бізді Омбы қаласына рухани әрі тарихи-мәдени тұрғыдан жақындастыратыны - сол жақта тұрып жатқан қазақ диаспорасы мен қаланың төл тарихымыздағы орны.

Ресейдің Омбы облысы (облыс атауы да Омбы) еліміздің солтүстік аймағымен шектеседі. Біздің негізгі мақсатымыз – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы «Архив-2025» жобасы шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысымыздың деректік қорын толықтыру, яғни, Омбы облыстық тарих

Қалада қазақ мәдениетін, салт-дәстүрін, тілін сақтап, біртіндеп дамытумен айналысып отырған ұлттық-мәдени орталықтар ашылған.

Жол мұраты – жету. Омбыға қарай әр шақырымды артқа тастап, ілгерлей түскен сайын, жан дүниең ерекше бір тебіреніске түскендей. Омбының ұлт мақтанышы Шоқан (Мұхаммед-Қанафия) Шыңғысұлы Уәлихановтың білім алған, ғылыми-ағартушылық қырының кемелденуіне жол ашқан мекен екені мәлім. Ал, Шоқан есіміне бүгінде әлемдік тарих куә. Шоқан арқылы әлем қазақты таныды. XIX ғасырда аз ғұмыр кешсе де, артына мол мұра қалдырған Шоқан - қазақ халқы мен Орталық Азияда мекен ететін халықтардың тарихы мен этнографиясы



ТӨЛ ТАРИХЫМЫЗДЫ ТАНУ ҚАЖЕТ, ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ АЛУ ҚАЖЕТ

(Омбы сапарынан)



мұрағатындағы қазақтың қалың тарихының шынайы парақтарын жазуда аталмыш мұрағат қорларын пайдалану.

Қазақстан шекарасынан асып, Ресей елінің аумағына кіргеніміз сол, айнала жап-жасыл түске боялғандай. Бұл өңірдің жер бедері географиялық тұрғыдан орманды дала зонасына жататындықтан, осы табиғи зонаға тән өсімдіктер жамылғысы жолдың екі жағын ала Омбыға дейін ағаштардың небір түрлері жайқалып, қаз-қатар тізіле қалды. Таң қалмасқа амал жоқ!

Омбы – ұлттық тарихымыздың бір бөлшегі. Демек, бұл аймақты өзіміздің байтақ тарихымыздан бөліп қарай алмаспыз. Ұлттық санамыздың жаңғыру, түлеу кезеңдері де осы шаһармен тығыз байланысты. Бұл жерде ата-бабамыздың ізі қалған. Байқағанымыздай, бүгінгі өзінде қалада қазақтар өте көп. Облыс аумағында шоғырланған бірыңғай қазақ ауылдарын да айта кеткен жөн болар.



жөнінде мол мұра қалдырған тұлға. Сондай-ақ, Омбы - кешегі Алаш қайраткерлерінің бас қосып, халық қамын ойлап қызмет қылған, ортақ мүдде бағытында ниет-мақсаттарын біріктірген жер.

Қаланың тарихи тұстарын аралай жүріп Омбы жерінің әр қырынан терең тарихымыздың небір кезеңдерін көз алдыма елестеттім. Бірі - Омбы кадет корпусы. Бұл оқу орны - бала Шоқанды дана Шоқанға тұлғаландырған білім ордасы. Мұнда өзгелерден оза шауып білім алып, тұлға дәрежесіне жеткендігін мойындаған орыс үкіметі осынау білім ордасының бас ғимаратының кіре берістегі маңдайшасына арнайы тақтайша орнатқаны кім-кімге де ой салады.

Облыс шеңберінде немесе қалада қазақ халқының үлес салмағы орыстардан кейін екінші орында. Қаладағы қазақ қандастарымыздың көп екендігі айқын көрінеді. Өзге елде тірлік кешіп жатқан қазақтардың өзіндік

салт-дәстүрлерін, ана тілдерін қалай сақтап жүргені туралы толғандым.

Өз зерттеу жұмысыма қатысты деректік мәліметтерді мұрағаттың үшінші қорынан таптым. Онда XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Ресей отаршылдарының қазақ жерін қалай орыстандыру үрдісін жүргізгендігі мен патша үкіметінің құнарлы да шұрайлы жерімізді орыс шаруаларына бөліп беріп, жергілікті халықты ата қонысынан айырып, шөл-шөлейтті өңірлерге тықсырғаны жайлы нақты мәліметтер қоры молынан табылды. Мұрағат қорларының барлығының да қазақ жерінің тарихымен тығыз байланыстылығын көргенде еріксіз қалың ойға берілесіз...

Осылайша, Омбыдағы сапарымыз барысында өз тұсында қазақтар атой салған шаһардың төл тарихымызда алар орны ерекше екенін түйдік.

Даниял ТАНЗЕНОВ,
«Рухани жаңғыру» институтының
ғылыми қызметкері, магистр



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Қандай да болмасын даму бағдарын даңғыл жолға бағыттай білген мемлекеттің ең басты құндылығы біртұтас елді құраушы халқы болса керек-ті. Ал, халқының ертеңгі ту ұстары бүгінгі жастары болмақ. Жыл бастауында мемлекет келешек кемеліндегі ұрпақтар сабақтастығының сарабдал жолында өз бағытын бағамдай алатын келер күннің егелеріне жауапкершілік жүгі мен сенім биігін табыс етті. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру бағытында жыл басталғалы бірнеше жобаның тұсауы кесіліп, еңбегін еркін еселей түскен әрбір жас адамның өмірлік тәжірибесін қалыптастыруға жол ашылды. «Жастар жылы» аясындағы сексен тоғыз жобаның бірегейі, нәм көш бастары атанған, даламның әр беткейіндегі ұлтыма ғана тән қасиет пен өршілдікті бойларына сіңірген жас өскінің бірегейлерін бір тұғырда тоғыстыра білген ең үздік жоба «Жастар керуені» болды. Жоба «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ-ның мемлекеттік гранты аясында, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Қазақстан жастарының конгресі» ұйымы арқылы жүзеге асты. Жобаның негізгі міндеттеріне: аймақтардағы талантты, шығармашыл және интеллектуалды жастарды анықтау, жастарды еліміздің қасиетті орындарымен таныстыру, сонымен қоса ішкі жастар туризмі дамыту дәрежесін жоғарлату бағыттары кірді.

Ұлы даланың қазіргі перзенті, бұйырған сәтте, рухани құндылықтарымды ұлтымның ізін жалғар перзенттеріме тал бесіктегі әлдиімнен өне бойға дарытар тәрбие мен білімді бағыт ететін, туған топырағымның әр беткейін өлшемдей білетін болашақ ұрпағымның анасы ретінде - дәуірлер дүбіріндегі тарихты танып білу мен зерделей түсуге, үлкен мүмкіндік мәресіне қадам жасауға жол ашқан «Жастар керуенінің» жолаушыларының қатарында болуға мүмкіндік алуым еліміздің оңтүстігі мен шығысының, батысы мен солтүстігінің мәдени мұрасын, көне кереметтерін, өңірлік өмір сүрудегі қағидаттары мен салттық ұғымдарын тереңінен танып білуге бағдарлатты. Жоба ұланғайыр Қазақ елінің тарихи тұнығы болған киелі жеті өңіріндегі кереметтерді көңіл көкжиегімде кескіндетті. Жастар керуенінің жолы жеті жүзден астам жас өскінмен жеті өңірдің бастауы - тарихи тәлімді Батыс Қазақстан облысынан (Орал) басталып, Оңтүстіктің төрі Түркістан, Алатауы алыстан мұнартақ Алматы, шырайы шарықтаған Шығыс Қазақстан, табиғаты көкжиегімен теңескен Ақмола, әсемдігімен көз

Ақ Жайық. Махамбет пен Исатай бабам ерліктерін мұра қылған, күй анасы Дина күйін, күй атасы Құрманғазы домбырасын аманат етіп өткен, сезім символы - Қыз Жібек пен Төлеген махаббаттың наз үлгісін көрсеткен, сөз шебері Сырым шешеннен шешілмеген дау қалмаған, күміс көмей Ғарифолла мен сал Мұхиттар бүкіл даланы өнге бөлеген, орыстың ұлы ақыны Пушкинге шабыт әкелген, татар әдебиетінің классигі Ғабдолла Тоқайдың қаламына күш берген, Хамза Есенжановтың тарих тұнған «Ақ Жайығын», Қадыр ақынның мәңгілік «Атамекенін», Жұбанның рухыңды биік етер «Мен Қазақпын!» туындысын тудырған «кіндігі» киелі, «қойнауы» қасиетті тарихи мекен.

«Жастар керуенімен»

Жолға шықты...

тартар Павлодар, еліміздің орталығы Қарағанды бағытымен жүріп өтті.

Керуен жолындағы менің жолым кие ұғымы мен тарих қатпарын сан ғасырлар бұрын қалыптастырып, кешегі мен бүгінгі күннің арасындағы берік қамалды бекітуші аймақ Оңтүстік Қазақстан өңіріне түсті. Қазақ халқының төрі болған Түркістан аумағында Ұлы Жібек жолында орналасқан бүкіл түркі қауымына ортақ көне Отырар қалашығының орталығы, ұлылық белгісі Арыстан баб пен Қожа Ахмет Яссауидың өмір сүрген аймағы мен кесенесі, Қылуат жер асты мешіті,

Рабия Сұлтан бегім кесенесі, Жұма мешіті, Шығыс моншасы сонымен қоса қазақ халқының ел билеу ісінде өзіндік орындары бар әйгілі ел басшылары мен шешен, билері жерленген қауым орындары орналасқан. Сан ғасырлық тарихымен күні бүгінгі ұрпағына ұлағат қалдырған тарихи мекеннен сезілген рухани күштің әсері де ерек болды. Оңтүстік өңіріндегі көне Сайрам қаласының бүгінгі күндегі ерекшелігі мен орналасуы, ондағы өзге ұлт өкілдерінің қазақ мәдениетіндегі жетістіктерінің жігерлендіре түскенін айтпауға болмас. Адам Ата мен Хауа Ана жартасы және Ақ мешіт әулие үңгіріндегі табиғаттың өзі бедерлеген көркемдіктің ізін көзбен көріп, көңіл түйсігінде бекітуге ғана болатындай. Адамзаттың бесігі аталған Қазығұрт биігіндегі Нұх пайғамбардың кемесі орналасқан аумақтағы көз тоймайтын көрініс асқан табиғи шеберліктің шын көрінісі. Шым өңіріндегі Ақбура әулие, Исмаил ата, Қожа Ахмет Яссауидың анасы Қарашаш анаға, әкесі Ибрагим атаға арналып салынған кесене, Домалақ ана, Аппақ Ишан мешіті өз заманындағы шынайы көрінісін сол қалпында сақтай білген тарихи мұралар. Тараз қаласындағы көне Тараз аумағы мен Айша бибі,

Бабаджа қытын, Тектұрмас кесенелерінде тарихқа толы аңыз өмір сүріп жатырғандай. «Түркістанда Түмен баб, Сайрамда бар сансыз баб, Отырарда отыз баб» демекші, Оңтүстік Қазақстан облысындағы киелі орындардың қасиеті мен әрқайсысының пайда болу хроникасындағы шеңберін зерделей берсек шеті мен шегінің жоқ екенін ақиқаты сол, аңғара түсеміз. Күллі түркі халықтарына ортақ, екінші Мекке атанған әлемге әйгілі қасиетті де киелі мекен - Түркістан өңіріндегі саяхатымыз рухани құндылығымыздың қайнарын үдете түскенін сол сәтте-ақ бойды кернеген ерек сезімді айтып жеткізумен ғана тоқталатыным болмаса, кие ұғымын әр қазақ өз бойына өзінше сіңіретіні ақиқат.

Туған жерді сүю - парыз,

Сүю үшін білу - парыз,

Қасиетін ұғу - парыз,

Күзетінде тұру - парыз. (М.Мақатаев)

Таным мен ұғым,білім, қасиет пен парыз, сүю мен қастерлеу бағдарын бір арнада бойына ұйыстыра білген патриот жастардың ізгі жол көрсетері бола білген, жастар жүріп өткен керуен жолы рухы мықты келер ұрпақтың бағдаршамына айналары сөзсіз. Ұрпақтар сабақтастығындағы алтын көпірді жалғаушы еліміздің төл перзенті ретінде туған топырағымның тарихын тани түсумен бірге ізгілік өлшемін ғұмырлық сыңарым ету үшін жасалған қадамымның бір белесінен өтіп бара жатып, дәл осы топырақта туғаным үшін тағы бір мәрте шүкір еттім.

Гүлмира САРСЕНҒАЛИЕВА,
БҚМУ, Филология факультеті,
Филология:қазақ тілі мамандығының 4-курс студенті

Жазғы еңбек семестрі ҚР Президентінің бастамасымен жастарды жұмысқа орналастыру бойынша «Жасыл ел» бағдарламасы мен студенттік құрылыс отрядтары ашылды. Осы еңбек қимылдарының арқасында студенттерде жазғы демалысты тиімді өткізуге мүмкіндік туды: қала игілігі үшін жұмыс істеу және ақша табу. Студенттік құрылыс жасағы – бұл тұлғаның мінезі сыналып, еңбекқорлығы мен міндет сезімі тәрбиеленетін еңбек майданы. Жас ұрпақты еңбекқорлыққа тәрбиелеуде студенттер құрылыс жасақтарының маңызы зор. Орал қаласында мамырдың 25-і күні студенттік құрылыс және жастар еңбек жасақтарының жауынгерлері үшін еңбек маусымы ашылып, маусымның бірінде сарбаздар жұмысқа кірісті.

Жазғы еңбек семестрі

Ерінбей еңбек етіп, тіленбей қарындарын тоғайтып жүрген оралдық студенттер жазғы демалысты пайдамен өткізуде. Бүгінде алғашқы кезең бойынша 130 жас жұмысқа орналасқан. Оның ішінде 50-і құрылыс саласында нәпақа табуда

- Мамыр, сәуір айларында үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, жұмысқа қабылдау мерзімі 1 маусымнан басталды. Қанша уақыт жұмыс істеу, ол студенттің еркіне байланысты. Құрылыс – алғашқы қар түскенше жүргізілсе, сол уақытқа дейін жұмыс істеуге рұқсат, – дейді штаб жетекшісі.

Жазғы еңбек маусымына 18 жастан жоғары студенттер қабылданған. Бұл студенттік құрылыс жасағы ақша табудың көзі ғана емес, жастардың рухын көтеріп, еңбекке баулып, еңбекқорлыққа тәрбиелейтін үлкен мектеп.

– Студенттер құрылыс жасағының жұмысын жандандыра отырып, біз студенттік мықты рухты да тәрбиелейміз. Өйткені, біріншіден, адамзаттың бүгінгі күнге дейінгі жетістігінің барлығы қажырлы еңбекпен келгендігін ескерсек, өскелең ұрпақты еңбекқорлыққа баулудың, жұмысқа деген құштарлықтарын арттырудың маңызы зор. Міне, осы себепті, елдің абыройын биікке самғататын еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу – еліміздің басты міндеті болып табылатынын атап өткім келеді. Құрылыс жасақтарының мақсаты да – айтып өткенімдей, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу, сондай-ақ, студент жастардың уақытын ұтымды пайдалануын қамтамасыз ету. Биылғы жаз маусымында Студенттік құрылыс жасақтары штабы құрамына жұмысқа үміткерлер өте көп өтініш білдірді. Бірінші кезекке 130 студент таңдап алынды. Бұл студенттер кәсіпкерлер тарапынан тегін тамақпен, арнайы формамен қамтамасыз етіліп, жатақханада тегін тұрады. СҚЖ студентінің айлық жалақысы орта есеппен 50-60 мың теңгені құрайды, – дейді штаб жетекшісі Әділгерей Зұлхаров. Жалақы демекші, биыл студенттік құрылыс жасағының орташа еңбекақысы көңілге қонымды. Облыста аталған жұмыспен 500 студентті қамту жоспарланған. Бұл көрсеткіш былтырғымен салыстырғанда 80 студентке артық. Осы топтың құрамына ену талай жас толқынның арманы көрінеді.

Университет қабырғасында бұл бағдарламалар сәтті жүзеге асырылуда. Осы жылы университет 40 сарбаздан

«Жасыл ел» үш ішкі отрядын құрды. Жасақтар командирлері 4 курс студенттері Айжан Әбілбахит пен Айжан Амангелдіна:

«-Мен үш жыл бойы «Жасыл ел» сарбазымын. Тек осы жылы өзімнің қажырлы еңбегімнің арқасында мен екі ай бойы командир болдым. Біз таңғы сағат 8-ден кешкі 5-ке дейін аптасына бес рет сегіз сағаттан жұмыс істедік. Әр отряд белсенді жұмыс істеді және осылайша біздің өңіріміздің өркендеуі мен көгалдандыруына өз үлестерін қосуға тырысты. Біздің отрядтарда жұмыс істегісі келетіндер жыл сайын өсіп келеді және біз оларды қуана қабылдаймыз. Сондықтан да біз жастарды командаға шақырамыз, өйткені сіз мұнда жақсы достар табасыз!». Студенттік құрылыс отрядтарында да ниет білдірушілер аз емес, біздің ЖОО-ның 60-тан астам студенті түрлі жобалар мен ғимараттардың құрылысына қатысты. Университеттің құрылыс отрядтарының бірі болып, педагогикалық факультетінің 4 курс студенті, студенттік ректор Елдос Серікқалиев тағайындалды.:

-Бізденемқұрайлыжәнежалқауадамдаржұмысисемейді, біздің бригадаларымызға өз ата-аналарына көмектесуге, жұмыс істеуге және тәжірибе алғысы келетін еңбекқор және мықты жастар түседі. Әр еңбек маусымының соңында ресми жабылуында жұмыстың қорытындысы өткізіледі, онда Нәтижелі жұмыспен ерекшеленген үздік жауынгерлерді, отрядтарды және командирлерді марапаттайды. Студенттік еңбек отрядтары жастарды еңбекке деген сүйіспеншіліктен бастап, ұжымда жұмыс істей білуге және отансүйіштікті тәрбиелеумен аяқтауға көмектеседі. Студенттер жыл сайын бір ай ғана қуанышпен жазылады және еңбек етеді, өйткені жұмыстан басқа, олар университет пен қаланың түрлі акциялары мен іс-шараларына белсене қатысады

Жұмысқа білек сыбана кіріскен студенттер мұнда тәжірибе жинақтайды. Құрылыс заттарының атын ғана емес, оның қалай жасалатынын да жаттап алған. Жұмыстан тыс уақытта студенттік жасақтар арасында мәдени, спорттық іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады екен. Бұл студенттің рухани тәрбиесін дамытатыны сөзсіз. Сонымен қатар, іс-шаралар студенттердің бір-біріне деген достық қарым-қатынастарын нығайтып, жұмысты жұмыла атқаруға, бірге тату-тәтті еңбек етуге септігін тигізеді.



Біз барған сәтте Студенттік құрылыс жасақтары қаладағы №7 орта мектептің күрделі жөндеу жұмыстарына қызу кіріскен. Қайнаған жұмыс. Жастар құрылыстың басы-қасында емес, ортасында жүр. Олар жазғы демалысында әбден тозығы жеткен мектепті қайта жөндеу жұмыстарына қатысып, қоғамға үлесін қосуды ұмыт қалдырмады. Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің физика-математика факультетінің студенті Жанболат Қаламиев студенттік құрылыс жасағына биыл қосылған. Соған қарамастан, таңғы сағат 8-30-дан қара кешке дейін тынымсыз еңбек етіп, тер төгіп жүр. Құрылыс саласында маманданып жатқан жеткіншектің ендігі арманы алған тәлімін кәсіпте шыңдап, ел игілігіне қызмет ету. – Құрылыс саласында жұмыс істегенде қызығы мен қиындығы қатар жүреді. Біз бірінші кезекте техникалық қауіпсіздікпен таныстық. Кішкентай кезімде құрылыс саласында жұмыс істеп, биік ғимараттарды салуды армандайтынмын. Қазіргі уақытта кішкене болса да ел дамуына өз үлесімді қосып жатқаным өте қуаныштымын, – дейді Жанболат.

Түйін: Расында Студенттік құрылыс жасағы – бұл нағыз болашақ еңбек ерлерін дайындайтын үлкен өмір мектебі, болашақ мемлекетіміздің тізгінін ұстайтын нағыз ұлтжанды, қиындықтарға төтеп бере алатын үлкен тұлғалар даярлайтын ошақ. Себебі, мұндағы студенттердің көбісі оқуларының озаттары, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының көшбасшылары болғандықтан, бұған еш күмәніміз жоқ. Өмір баспалдақтарында жан-жақты тәрбиеленген бүгінгі жас ұрпақ, әрине, ел ертеңі, қайталанбас дара тұлға.

Фариза АЙМУРЗИНА



«Рухани жаңғыру» институтының студенттерге арналған беті, №7, тамыз 2019 жыл

Президент сөзі

Жаңа ұрпақ құндылықтар мен еңбексүйгіштік негізінде тәрбиеленуі тиіс

Әр адам қандай жетістікке жетсе де, білім берген ұстаздарын ерекше қадірлемек.

Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез (Абай).
Ұстаз – әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға.

Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі жұмыс. Болашаққа жол сілтейтін мұғалімнің еңбегін лайықты бағалау – өте маңызды міндет. Осы ретте жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы». Ұстазсыз адам болмайды. Болашаққа жол сілтейтін мұғалімнің еңбегін лайықты бағалау – өте маңызды міндет.

Педагогтардың, әлбетте ата-аналардың да міндеті – еліміз үшін лайықты азаматтарды тәрбиелеу.

Лайықты азамат – өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын адам. Алдымызда тұрған құбылмалы заманда жастарымыз еңбекқор болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсінуі керек.

Жаңа ұрпақты алдағы сын-қатерлерге дайындау қажет. Еңбексүйгіштік идеялары мен құндылықтары негізінде тәрбиеленуі тиіс.

Бүгінде IT мен биотехнология саласындағы революциялар адамзаттың өмірін өзгертуде. Сондықтан білім беру жүйесі жаңа өмірге тез бейімделуі қажет.

Қазақстанның дамыған ел қатарына қосылуының кілті - сапалы, қолжетімді және заманауи білімде.

Тарихы терең дәстүр сабақтастығы ұлттық тәрбие арқылы беріледі. «Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті» (Мағжан Жұмабаев). Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады.

Ата-бабалар аманат еткен ұланғайыр даланы аман сақтау - ең алдымен, жас буынға артылатын зор үміт. Кейінгі ұрпақ тәуелсіздігіміздің туын әрқашан жоғары ұстауы тиіс.

Қазіргі жаһандану дәуірінде жаңа технологияның қарқынды дамуы өмірімізге түбегейлі өзгерістер әкелуде. Адам капиталына, білім саласына қойылатын талаптар мүлдем өзгеше. Сапалы білім - қарқынды дамудың басты шарты.

Ұлы Абай үнемі сынға алған масылдық қоғамға ешқашан жақсылық әкелген емес. Соны түсінетін жастарымыз тек біліммен қаруланып, еңбекке ғана арқа сүйеуі тиіс.

Біз қазіргі заманның жаңаша талаптары мен үрдістеріне әрқашан сай болуымыз керек. Бұл үшін бір орында тұрып қалмай, ілгері жылжу - басты мақсат. Білімі терең, ойы озық ұрпақты тәрбиелейтін мұғалімдер қауымына зор жауапкершілік жүктеледі. Бүгінгі шәкірт – Қазақстанның жарқын болашағы.

Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы. «Жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті.

Лайықты азамат – білімді, Отанына адал, елін, жерін сүйетін адам. Бұл әлемде Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Елін шынайы сүйетін азаматтарды тәрбиелеу – ұстаз мақсаты.

Білім сапасын көтеру үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Бұл, алдымен, мұғалімдердің біліктілігіне, оқулықтардың сапасына, заман талабына сай инфрақұрылым мен материалдық қорға байланысты мәселелер. Аталған бағыттар бойынша тиімді жұмыс істеу қажет, яғни, туындаған мәселелерді дер кезінде анықтап, оларды шешудің оңтайлы жолдарын ұсыну керек. Білім беру жүйесінің сапасына теріс ықпал ететін бір кедергі – ұсынылатын реформаларда педагогтардың нақты қажеттіліктерінің есепке алынбайтыны.

Тәрбие – сапалы білімнің негізгі арқауы, діңгегі. Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзі барша білім саласы қызметкерлерінің бой түзер бағдары болуы тиіс.

Еліміздің жастары өзін жеке тұлға ретінде дамытумен қатар, мемлекеттің озық инновацияларға сай өркендеуіне зор үлес қосуы қажет. Бұл – қазіргі білім және тәрбие беру үдерісінің алдында тұрған маңызды міндет.

Отандық білім саласы туған жеріңе, қоршаған ортаңа, өз тарихыңа құрметпен қарауға тәрбиеленіп, ұлттық құндылықтарды дәріптеуі тиіс. Кең ауқымда өтіп жатқан «Бірге – таза Қазақстан» экологиялық акциясын дәл осындай бағыттағы өте қажетті, дұрыс бастама деп санаймын. Мұндай шараларға әрқашан қолдау көрсете береміз.

Бүгінде әлемде 12 жылдық білім беруге арналған жалпы орта білім берудің белгілі бір стандарты қалыптасты. Бастауыш сыныптарда оқыту ұзақтығын арттыру үрдісі сақталуда, әлем мектептерінің 60 пайызында білім беру 6 жастан басталады, бұл баланың ерте интеллектуалды дамуы мен әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді.

Әрбір шағын комплектілі мектептің ахуалы ауыл тағдырымен тікелей байланысты. Ауыл – біздің алтын бесігіміз, ата-бабамыздың мекені, терең тарихымыздың куәсі. Сондықтан, оны сақтап қалуымыз керек.

Үштілді білім беру жүйесін енгізу – күн тәртібіндегі өзекті тақырып. Ең алдымен, бұл мәселені жан-жақты талдап, салмақты шешімге келу қажет. Бұл – өте маңызды. «Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті» (Ахмет Жұбанов). Бұл сөз біз үшін негізгі ұстанымға айналуы тиіс. Үштілді жүйеге көшу оқытушылар мен білім беру бағдарламаларының дайындығына қарай жүзеге асады. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» дегені - өте өнегелі ой.

Ғылыми-жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту білім орталықтарының кадрлық мүмкіндігіне

Дуалы ауыз

ӘЙТПЕКЕ БИ толғамдары

Жақсының серігі – әманда ақыл, қанағат, әдеп, төзім, сабыр, үміт, татулық, бірлік. Ер жігітке төзім – тірек, сабыр – қамал, ақыл – әл-қуат, ар-абырой – қазына, қанағат – асыл тас, бата – мұра, әдеп – сән, жалған сөз – дерт, ақиқат – ем, үміт – көңіл азығы, сезім – бұлақ, қиял – шырын, тілі – жүрегінің елшісі.

Жақсы адам қашан да өзгеге шарапат тигізуге ұмтылар. Қолыңнан келсе, зағип көретін, керек еститін іс тындыр. Жақсылық жасаған - жасыр, жақсылық көрсен - асыр.

Еңбексіз өткен өмір де бір, ерте келген өлім де бір. Еңбегің жанса қуанарсың, бірақ қуаныш келсе таспа, қасірет келсе саспа! Сондықтан жетпей жатып болдым деме, болмай жатып толдым деме. Жетпей жатып болдым деген төменде күйбеңдейді, төменде күйбеңдеген төбенің басын көрмейді. Тау болмаса да төбенің басын көрмегеннің ғұмыры зая. Қолдан келсе, асқақ ұш. Асқақ ұшсаң, абайлап қон. Өйткені, төбеге ұшсаң күндейтін, төменде қалсаң, жүндейтін жамағайынсымақтар толып жатыр.

Екінің біріне бұйырмайтын дос - білімді дос. Жаратқан ием пендеге көзді де, құлақты да екеуден берген. Білімді достың құлағы да, көзі де тәртеу. Жамандармен жұмақта жүргенше, білімділермен жаһаннамада жатқан артық.

Әзірлеген, «Рухани жаңғыру» институты

қарай, оқушылар мен ата-аналардың қалауы бойынша іске асуы тиіс.

Ағылшын тілін оқытуды 2-3-ші сыныптан немесе ата-аналардың қалауына қарай 5 сыныптан бастау тиімді.

Жоғары сыныптарда жаратылыстану-техникалық пәндерді мектептердің дайындығына қарап жүргізу қажет.

Бүгінде мұғалімдердің жалақысы ең төмен деңгейде қалып отыр және экономика бойынша орташа жалақының 65 пайызын ғана құрайды. Біз, әлбетте, мұнымен келіспейміз. Сондықтан Үкіметке білім саласына білікті мамандарды тарту және мұғалім мәртебесін көтеру мақсатында жалақыны төрт жыл ішінде екі есеге көбейтуді тапсырамын.

Білім беру стандарттары мен бағдарламалары бірыңғай болуы тиіс. Себебі барлық балалар тұратын жеріне немесе олардың ата-аналарының әлеуметтік мәртебесіне қарамастан сапалы білімге қол жеткізуі қажет.

Ғылымды қаржыландыру ашықтығын қамтамасыз ету қажет. Өткен конкурстардың қорытындысы бойынша гранттық қаржыландыруды бөлу Ұлттық ғылыми кеңестің жұмысын жетілдіру және толықтай алғанда ғылымды қаржыландыру ашықтығын қамтамасыз ету қажеттігін көрсетті. Ғылыми ортада қаржыландыру жүйесіне сенімсіздік, сонымен қатар егде және жас ғалымдар арасында белгілі бір жіктелу байқалады. Сондықтан Үкіметке нақты тәжірибелік ұсыныстармен ғылымды мұнан әрі институттық дамыту тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырамын.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Біз, әуелі, елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» деген сөзі бар. Осыған орай, барлық мақсат-міндеттер Үкімет әзірлеп жатқан «Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» толық қамтылуы тиіс. Бұл бағдарламаның жобасын халықпен кеңесіп, кеңінен талқылау қажет. Бұған қажетті ресурстар жеткілікті.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Білім және ғылым қызметкерлерінің Республикалық тамыз конференциясының пленарлық мәжілісінде сөйлеген сөзінен («Egemen Qazaqstan» газеті, №159, 19 тамыз 2019 ж., 1-2-б.б.)

«Rухани жаңғыру» - «Рухани жаңғыру» бетінің жауапты редакторы – Гүлдана Хайроллақызы Сұңғатова, «Рухани жаңғыру» институтының әдіскері



9 шілде күні М. Өтемісов атындағы БҚМУ Көптілді білім беру институтының ұйымдастыруымен Орал қаласының 1-11 сынып оқушыларына арналған «Жазғы тілдік мектептің» ашылу салтанаты өтті.

Бұл жоба жаз мезгілінде балалардың демалысын тиімді өткізу үшін 2 айға (шілде, тамыз) арналған. Сабақты Филиппин елінен келген ағылшын тілінің мұғалімдері Нил-Райан Илдефенсо мен Тарроза Рохелио жүргізді. Жазғы мектептің мақсаты - оқушылардың тілдік қабілеттерін шығармашылық жұмыс және ойын іс-әрекеті арқылы жүзеге асыру болды. Жазғы тілдік мектептің міндеті: - балалар мен жасөспірімдердің жас, психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере

«Жазғы тілдік мектептің» сәтті жұмысы

отырып, белсенді, танымдық бос уақытын ұйымдастыру; - тілдік дайындық деңгейіне сәйкес орта білім беретін мекеме оқушыларының зияткерлік қабілетін дамыту; - шығармашылық-жобалық және оқу-зерттеулік қызметі аясында білім алушылардың ішкі әлеуетін дамыту; - оқытылатын тіл елдерінің және туған лингвоэтномәдениет салттары және дәстүрлерімен таныстыру арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейту. Әрбір күннің тақырыбы бойынша балаларды түрлі шараларға қатыстырып, олардың дамуына ықпал жасалды, оқушылардың тәжірибесіне сүйене отырып олардың өмірімен байланыс қарастырылды. Шет тілін оқытуда ойын технологияларын

кеңінен қолданылды, жазғы тілдік мектеп бағдарламасы шет тіліне ену әдістемесін, интербелсенді ойындарды, психотренинг ұйымдастырылды. Сондай-ақ, балалар сурет салып постерлерді қорғады, өз әсерлерін бейнеледі. Сонымен қатар сабақ толықтай ағылшын тілінде жүргізілді.

Осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін барлық жағдай жасалды: компьютер, дидактикалық және әдістемелік материалдар, сабақ жүргізуге арналған әзірлемелер: схемалар, кестелер; ақпараттық сипаттағы әзірлемелер; бақылауды ұйымдастыруға және оқытудың нәтижелілігін анықтауға арналған әзірлемелер. Әр күн сәлемдесуден және берілген тақырып (activity) бойынша

лексиканы зерделеудің белсенді тәсілдерінен басталды. Лексиканы белсендендіру әртүрлі ойындар, оның ішінде рөлдік ойындар түрінде, ағылшын тілінде ән айту, би билеу, сөзжұмбақ шешу түрінде өткізілді.

Сабақ аптасына 5 рет, күніне 3 сағаттан өткізілді. Курс соңында әрбір оқушыға сертификат табысталды.

Оқушыларға жазғы мектеп ұнағаны сөзсіз. Бұндай метептердің оқушылардың бос уақытын тиімді өткізумен қатар білімдерін шыңдауға тигізер көмегі зор.

Айгурым УМИТАЛИЕВА,
Көптілді білім беру
институтының аудармашысы

Құттықтаймыз!

Қазақ елінің астанасы Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Білім және ғылым қызметкерлерінің республикалық тамыз конференциясының пленарлық мәжілісінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик Қыдыршаев Абат Сатыбайұлын Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталуымен шын жүректен құттықтаймыз!



Спорт күні – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2003 жылдың 15 қарашасындағы Жарлығына сәйкес тамыз айының үшінші жексенбісінде атап өтеледі. Спорт саласы Қазақстанда кең қолдауға ие. Елде спорттың дамуына бұқаралық спорт қозғалысын кеңейтуге, спорттағы жетістіктерді ынталандыруға бағытталған саясат ықпал етуде. Қазақстандық спортшылар соңғы онжылдықтарда халықаралық жарыстарда, Олимпиада ойындарында үздік нәтижелерді көрсетіп келеді. Мемлекеттің өзі беделді халықаралық жарыстарды өткізетін орынға айналуда. Бұл Қазақстанда спорт мәдениетінің жоғары деңгейде дамуының әлемдік мойындалуын көрсетеді.

Біз барлық жаттықтырушыларды, чемпиондарды, дене шынықтыру сабағының мұғалімдері мен спортшыларды кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге зор денсаулық, жетістіктер, спорттық биіктіктер, сәттілік тілейміз. Салауатты өмір салтын ұстана отыра, университет атын жоғары дәрежеде көтеріп жүрген студенттерімізді шын жүректен мерекелерімен құттықтаймыз!

таңдалды. Бұл жерде де М.Өтемісов атындағы БҚМУ дене шынықтыру және спорт мамандығының 2-курс студенті Бақыт Ерасыл Шерниязұлы 52 кг салмақта жеңімпаз атанып, су жаңа автокөлікті ұтып алды.

Саналы студент, мақтан тұтар спортшымыз Ерасылға алдағы уақытта да көк байрағымызды желбіретіп, бағың мен бабың қатар шауып, ұстаздарың мен достарыңды қуанып жүре бер деп, игі тілек арнаймыз!

12-14 тамыз күндері Орал қаласында Әлем чемпионы, Әлем Кубогінің иегері, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген спорт шебері Асқар Шайхиевті еске алуға арналған самбо күресінен және әскери самбодан ерлер арасында халықаралық турнир өтті.

БҚМУ-лық Ерасыл Бақытқа автокөлік бұйымдары

Айта кетейік, самбо күресінен қазақ спортшылары арасынан тұңғыш Әлем чемпионы атанған Асқар Тастайұлы Шайхиев – 1963 жылы қазіргі Сырым ауданына қарасты Қызылтаң ауылында дүниеге келген. Самбомен 1976 жылдан бастап айналысқан. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері және халықаралық турнирлердің жеңімпазы. 1989 жылы КСРО чемпионы және 1987 және 1988 жылдары күміс жүлдегер болды. 1988 жылы Жапония елінде Әлем кубогінің иегері, ал 1989 жылы АҚШ-та өткен дүниежүзілік додада Әлем чемпионы атанды.

Қазақстандық палуандардың Әлемдік додаларға дайындығын арттыру мен шеберліктерін ұштау мақсатында дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын жарысқа Армения, Грузия, Өзбекстан, Ресейден, Қазақстанның Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан, Қарағанды, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Түркістан және Батыс Қазақстан облыстарынан 180-ге жуық спортшы қатысып, 12 салмақ дәрежесі бойынша бақ сынады.

-Жерлесіміз, атақты спортшы Асқар Шайхиевті еске алуға арналған бұл турнир



2014 жылдан бастап дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Аталған спорт додасының деңгейі артып, қатысуға ниет білдіруші елдердің жыл санап көбейіп келе жатқанына қуаныштымыз. Бұл жарыс жас палуандардың өз тәжірибесін шыңдап, кәсіби шеберлік деңгейін арттыруларына, сол арқылы биік додаларға қадам басуына жақсы мүмкіндік туғызатыны сөзсіз. Сонымен қатар жастар арасында атақты спортшыларымыздың есімін ұлықтауға, еліміздің және ТМД елдері спортшыларының достық байланысын нығайтуға зор септігін тигізбек. Аталған жарыста тәжірибелі спортшылар төрелік етеді. Сондықтан әр палуан өзінің бабы мен бағына қарай бағасын алады деп сенемін,- деді облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Әсия Аманбаева.

Турнир қорытындысында салмақ дәрежелеріне қарай батысқазақстандық палуандар Ерасыл Бақыт (52 кг),

Болатбек Райымқұлов (57кг), Қазбек Сұпығалиев (62кг), Серікбай Негмет (68кг, БҚО), Нұрбол Серіков (74кг) жүлделі бірінші орынды иеленді. Ал 82 келі салмақта грузиялық Берулава Бека, 90 келіде батысқазақстандық Орынбасар Жұрмағанбетов, 100 келіде ресейлік Даниил Борисов, 100 келіден жоғары салмақ дәрежесінде жерлесіміз Темірлан Көлбай жеңімпаз атанды. Сондай-ақ, әскери самбодан Шыңғыс Қажиқбаров (62кг, БҚО) пен Денис Любимов (74 кг, Ресей) үздік шықты.

Жарыстың жеңімпаз-жұлдегерлері диплом, медальдармен, ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Айта кететін жайт, аталған турнирдің басты жүлдесіне тігілген «LADA Granta» көлігінің иегерін анықтауға әр салмақ дәрежесінде жеңімпаз болғандар қатыстырылды. Салмақ дәрежелері жазылған орама арнайы қобдишаға салынып, жеребе арқылы

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

**Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті.**
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Айзада ДЮСЕНОВА

ТІЛШІЛЕР: Сая ДҮЙСЕНБАЙ

СПОРТ-ТІЛШІ: Нұрлыбек НАУРЫЗБАЕВ

КОРРЕКТОР: Айзада ДЮСЕНОВА

БЕТ ҚУРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.:50-41-46